

## **Құрметті оқырмандар!**

**Өлкетану сипатындағы кітаптар қоры келесі басылымдарымен толықтырылды:**

**84(5Қаз)**

**А 31**

***Айбозым*** [Мәтін] : мақала-сұхбаттар, толғаныс-лебіздер, арнаулар мен әндер / құраст.: А. Әлтай, Е. Төлеутай, А. Нығызбай. - Астана : Ақжолтай, 2010. - 417 б. : түрлі-түсті фотосурет, портр. - ISBN 978-601-292-183-0 (мүк.)

«Айбозым» деп аталатын бұл жинаққа Жаңаарқа өңірінің тумасы, қазақтың біртуар әншісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосыновтың өмір жолы мен шығармашылығы жайлы жан-жақты мәлімет беретін жазбалар топтастырылған. Жинақ өнерсүйер көпшілік қауымға арналған.

**74.65(5Қаз)**

**К 25**

***Кәріпұлы, Ө.***

Тұғыр [Мәтін] : ұлттық тәрбие сабағы / Ө. Кәріпұлы. - Астана : Елорда Жастары, 2011. - 399 б. - ISBN 978-601-7350-00-0 (мүк.)

Өмір Кәріпұлының бұл жазбасы қаламгерлік ізденісі мен ұстаздық тәжірибесінің нәтижесі есепті. Еңбек жолын ауылдық жерде бала оқытудан бастаған жазушының қаламынан екі роман, ондаған хикаят, жүзге тарта әңгіме туындады. Қаламгер халықтық педагогикаға сүйене отырып, ұлттық тәрбие дәрісін жүргізген. Халқымыздың дархандығы, мінезінің кесектігі, Атамекенге деген махаббаты, ұлттық салт-дәстүрі, жөн-жоралғысы, ұрпаққа қалдырған өнегелі өсиеті, шежірелік аңыздары, мұсылмандық ұстанымға бекемдігі, табиғатқа адалдығы шығармада мол қамтылған. Кітап жалпы қауымға, ұстаздар мен шәкірттерге, туған халқының тілі мен дініне, дәстүріне қамқоршы ұлтжанды жастарға арналған.

**63.3(5Қаз)**

**А 85**

***Аршабеков, Т.***

Жер жаннаты - Жаңаарқа [Мәтін] : [ғылыми басылым] / Т. Аршабеков, М. Қожахмет, І. Ісләмұлы ; Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасы, Қарағанды облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау инспекциясы, Аймақтық ғылыми-зерттеу институты, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті. - Қарағанды : Гласир, 2010. - 427 б. : түрлі-түсті сурет. - ISBN 978-601-7225-55-1 (мүк.)

Ел ерсіз, жер тарихсыз болмайды. Бүгінгі ұрпақ туып-өскен ортасының өткенін, елінің тарихын, осы өңірден түлеп ұшқан абыройлы азаматтарын танып-білсе, олардың бойында ұлтжандылық, туған жеріне, отанына сүйіспеншілік сезімі арта түседі. Қарағанды облысындағы Жаңаарқа өңірі Сарыарқада ойып аларлықтай өзіндік орыны бар, көне өркениет қалыптасқан аймақтың бірі болып табылады. Бұл ғылыми зерттеуде ауданның көне тарихын күні бүгінге дейінгі кезеңі, әкімшілік құрлымы, географиясы қамтылған. Ғылыми-көпшілік еңбек тарихшыларға, өлкетанушыларға, гуманитарлық саладағы барлық ізденушілерге және жалпы оқырман қауымға арналған.

**63.3(5Қаз)**

**Б 38**

***Бейсенбекова, Н. А.***

Сарыарқаның ұлы азаматтары ( XX ғасырдың басы) [Мәтін] : [монография] / Н. А. Бейсенбекова, З. Ф. Сақтағанова [т.б.]. - Қарағанды : ҚарМУ, 2008. - 437 б. - ISBN 9965-604-65-7 (мүк.)

Ғылыми зерттеуде ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Сарыарқа жеріндегі Алаштың ұлы азаматтары, ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Әлихан Бөкейханов, Нығмет Нұрмақов, Әлімхан Ермеков сияқты тарихи тұлғалардың өмір жолы, саяси-қоғамдық қызметі және олардың шығармаларындағы қазақ ұлтының мүддесі: жер мәселесі, рухани азаттық, тәуелсіздік жолындағы күрес проблемалары сипатталған. Сонымен қатар, бұл еңбекте тұнғыш рет жарияланып отырған құнды мәліметтер, деректер бар. Монография материалдары жас ұрпақты ұлтжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде үлкен үлес қосады деген сенімдеміз.

### **63.3(5Қаз)631-361я6**

#### **Қ 41**

**Қарлаг** [Мәтін] = Карлаг = Karlag : [альбом] / Қарағанды "Болашақ" университеті ; ред. Н. О. Дулатбеков. - Қарағанды : Полиграфкомбинат, 2012. - 579 б. : фотсурет. - ISBN 978-601-273-124-8 (мүк.)

Бұл кітап-альбом «Жазықсыз жапа шеккендерге» арналған туынды. Бұл еңбекте Қарлаг лагерінің құрылысуы және жұмыс істеуі, тұтқындардың саны мен құрамы, оларды лагерьде ұстау режімі мен күзет мәселелері қарастырылған. Еңбекте тұтқындар өмірін қамсыздандыру жүйесі, медициналық қызмет көрсету деңгейі және тұтқындардың өлім-жітім динамикасы анықталған. Лагерьдегі ауыл шаруашылық өндірісінің ұйымдастырылуы мен дамуы, сонымен бірге тұтқындарды еңбекке пайдаланудың ауқымы мен сипаты көрсетілген. Тұтқындар еңбегінің арқасында Орталық Қазақстанның ұланғайыр даласы шаруашылыққа игеріліп, өнеркәсіптік өндірістер қарқын алды да, соның негізінде Қарағанды облысы инфрақұрылымының іргетасы қаланды.

Қарлаг тарихы кеңес үкіметі адамдарды саяси құғын-сүргінге ұшырату механизмін пайдалану арқылы олардың рухтарын жаншудағы еңбекпен түзеу лагерьлерінің ролін терен түсінуге және түсіндіріп беруге мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу еңбегі еліміздің ХХ ғасырдағы тарихының өзекті проблемаларын зерттеумен айналысатын көпшілік оқырман қауымына арналған.